

ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ  
ПСИХОЛОГИЯ НЕГІЗДЕРІ МЕН КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАР КАФЕДРАСЫ

# Медициналық этика және деонтология


---

Орындаған: 1-001 топ, Ганиева А.Б.

Тексерген: Жакишева Г.С.

Қарағанды 2016


ДӘРІГЕР БЕДЕЛІНЕ ЖЕТЕ МӘН  
БЕРГЕН ЕЖЕЛГІ ДӘУІР  
МЕДИЦИНАСЫНЫҢ НЕГІЗІН  
ҚАЛАУШЫ ГИПОКРАТ. АЛ ОРТА  
ҒАСЫРЛАР КЕЗІНДЕ МЕДИЦИНА  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МІНЕЗ  
ҚҰЛҚЫНА ФИЛОСОФ ҒАЛЫМ  
ӘБУ ӘЛИ ИБН СИНА ЖЕКЕ  
КӨҢІЛ БӨЛГЕН. АВИЦЕНА,  
ДӘРІГЕР АЙРЫҚША ТӘНДІК  
ЖӘНЕ РУХАНИ ҚАСИЕТТЕРГЕ —  
СҰҢҚАРДЫҢ ҚЫРАҒЫЛЫҒЫНА,  
ҚЫЗДАЙ ЖҰМСАҚ ҚОЛЫНА,  
ЖЫЛАННЫҢ ДАНАЛЫҒЫ МЕН  
АРЫСТАННЫҢ ЖҮРЕКТІЛІГІНЕ  
ИЕ БОЛУЫ ТИІС, — ДЕП  
ЕСЕПТЕДІ.



**«ӘРІПТЕС» -  
«КОЛЛЕГА» СӨЗІ  
ЛАТЫННЫҢ  
COLLEGA, ЯҒНИ  
КАБИНЕТТЕГІ  
СЕРІКТЕС, ОНЫҢ  
ӨЗІ COL – «БІРГЕ»  
ЖӘНЕ LEGARE –  
«КӨМЕКШІ»  
ДЕГЕН  
МАҒЫНАНЫ  
БЕРЕДІ.**



Дәрігердің бір-бірімен қарым-қатынасы жеткіліксіз,  
аз зерттелген, ол негізі екі себепке байланысты



*Дәрігерлер мұны  
тыйым салынған,  
зерттеуге ыңғайсыз  
пән деп есептейді*

*Біздің арамызда да,  
қоғамда да үйлесімді  
қатынастар туралы  
аңыздың таралуы*

**ДӘРІГЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ ҚАТЫНАС ТЕРЕҢ ҚҰРМЕТКЕ,  
ЖАНАШЫРЛЫҚ ПЕН ӨЗАРА ТҮСІНІСТІККЕ НЕГІЗДЕЛУІ ТИІС:  
ӨЗІНІҢ ӘРІПТЕСТЕРІ ТУРАЛЫ БӨГДЕ ЖҰРТТЫҢ АРАСЫНДА  
ҒАЙБАТ СӨЙЛЕУГЕ, ТАЛҚЫҒА САЛУҒА БОЛМАЙДЫ:  
ӨЗІНЕН ТӘЖІРИБЕЛІК ӘРІПТЕСТЕРІНЕН, КӨБІНЕСЕ  
КЛИНИКА БАСШЫЛАРЫНАН ГӨРІ, ҚАТАРДАҒЫ  
ДӘРІГЕРЛЕРДЕН АҚЫЛ-КЕҢЕС СҰРАП КЕЛЕТІН ЖАС БУЫН  
ДӘРГЕРЛЕРДІҢ ЕШҚАШАН БЕТІН ҚАЙТАРМАУ.**



# ДӘРІГЕРДЕ БОЛУЫ ТИІС РУХАНИ ҚАҒИДАЛАР:

- Әріптесінің сәтсіздігін түсініп, көңілін жұбатуың керек, әсіресе ол кәсіби сәтсіздікке ұшыраған немесе қараындағы науқасқа араша түсе алмай күйзелген кезінде қолдау көрсетуің-ұжымдағы ұйымшылдықпен өзара көмек ахуалына негіз болады.
- Әр дәрігер өзінің әріптестерінен қамқор пейілін аямай, олар үшін кез-келген жұмыс түрін атқаруға даяр болуы, «бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін»,—деген қағиданы ұстануы тиіс.
- Емхана, жедел жәрдем немесе аймақтық дәрігерлердің кәсіби деңгейі мен ой-пікіріне астамшылықпен қарауға болмайды. Стационарлық мекемедегі әріптестер пікіріне құрметпен қараудың этикадеонтологиялық, кәсіби маңызы зор.

*“Өзге дәрігер жөнінде жаман пікір айтпа,  
өйткені әркімнің сәтті де, сәтсіз де  
сағаттары бар. Сенің даңқыңды сөзің емес,  
ісің шығарсын”*

***Е.А.Вагнер***

---